

## Қазақстан Республикасының Орман кодексін күшіне енгізу тәртібі туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Қаулысы 1993 жылғы 23 қаңтардағы N 1925-ХІІ. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі N 477-ІІ Кодексімен

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Орман кодексі 1993 жылғы 1 наурыздан бастап күшіне енгізілсін.

2. Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заң актілері Қазақстан Республикасының Орман кодексіне қайшы келмейтін болғандықтан, олар Қазақстан Республикасының заңдары Қазақстан Республикасының Орман кодексімен сәйкес келтірілгенге дейін қолданыла беретін болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Орман кодексі ол күшіне енгеннен кейін пайда болған құқық қатынастарына, яғни 1993 жылғы 1 наурыздан бастап қолданылады.

4. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті: 1993 жылғы 1 наурызға дейін орман қорына мемлекеттік есеп жүргізу тәртібін белгілесін;

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесіне Қазақстан Республикасының заң актілерін Қазақстан Республикасының Орман кодексімен сәйкес келтіру туралы ұсыныстарды табыс етсін;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерін Қазақстан Республикасының Орман кодексіне сәйкес келтірсін.

Қазақстан Республикасы министрліктерінің, мемлекеттік комитеттері мен ведомстволарының Қазақстан Республикасының Орман кодексіне қайшы келетін нормативтік актілерін қайта қарауы мен күшін жоюын қамтамасыз етсін; 1993 жылғы 1 қыркүйекке дейін:

Ормандардың жай-күйіне, ұлғайта өсірілуіне, қорғалуына, сақталуына және пайдаланылуына мемлекеттік бақылау туралы ережені; орман қоры учаскесін пайдалану құқығына лицензия берудің түрі мен тәртібін, сондай-ақ Ағаш саудасы мен конкурстарын өткізу тәртібі туралы ережені;

Орман қоры учаскелерін жалға беру туралы ережені;  
Ормандардағы дінгек ағаш сүректерін босату ережесін;  
басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу ережесін;

Орман қорында пішен шабу мен мал жаю ережесін;  
Орман қоры учаскелерін мәдени-сауықтыру және ғылыми-зерттеу  
мақсаттарында пайдалану тәртібін;

Орман кадастрын жүргізу тәртібін, сондай-ақ орман мониторингінің  
құрылымын, мазмұны мен жүзеге асырылу тәртібін әзірлеп, бекітетін болсын.

5. 1978 жылғы 11 тамыздағы Қазақ КСР Заңымен бекітілген Қазақ КСР  
Орман кодексі (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Ведомстары 1978 ж., N 34; 1980, N  
12; 1984, N 36, 447-бап) 1993 жылғы 1 наурыздан бастап күшін жойды деп  
т а н ы л с ы н .

6. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің аграрлық мәселелер және  
азық-түлік жөніндегі комитеті, Экология мәселелері және табиғи ресурстарды  
ұтымды пайдалану жөніндегі комитеті осы Қаулыда көзделген шараларды іске  
асыру барысында бақылауды қамтамасыз етсін және қажет болған жағдайда  
Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне тиісті ұсыныстар енгізісін.

Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы

Жоғарғы Кеңесінің Төрағасы